

14 сабақ тапсырмалары.

№1. Ұштарының координаталары бойынша АВ және CD кесінділерін сызыңыз.

$A(-1; 6)$; $B(4; -4)$ және $C(4; 5)$, $D(-4; -3)$.

Координаталарымен жазыңыз:

- 1) АВ және CD кесінділерінің қиылысу Е нүктесін;
- 2) АВ кесіндісінің ординаталар (Оу) осімен қиылысу L нүктесін;
- 3) CD кесіндісінің абсциссалар (Ох) осімен қиылысу К нүктесін.

№2. Координаталық жазықтықта:

- 1) $y = 0$; $-2 \leq x \leq 5$
- 2) $y = 2$; $-1 \leq x \leq 4$

Шартын қанағаттандыратын нүктелер жиынын бояп көрсетіңіз.

№3. Координаталық жазықтықта:


$2 \leq x \leq 5$; $1 \leq y \leq 4$ шарттарын қанағаттандыратын $A(x, y)$ нүктелер жиынын бояп көрсетіңіз.

№4. Координаталық жазықтықта төбелері:

$A(0; -2)$; $B(6; -2)$ және $C(6; 4)$ нүктелері болатын ABC үшбұрышын салып, оның ауданын табыңыз. Бірлік кесінді 1 см – ге тең.

№5. EF және KL түзулері О нүктесінде қиылысады.

$\angle FOL = 120^\circ$. OC сәулесі – EOL бұрышының биссектрисасы, ал OD сәулесі – FOL бұрышының биссектрисасы. COD бұрышының градустық өлшемін табыңыз. (сурет)



№6. Координаталық жазықтықтағы ABCD квадратының $A(-2; 1)$ төбесі D төбесіне; $B(-2; 5)$ төбесі C төбесіне ординаталар осіне қатысты симметриялы. ABCD квадратының симметрия осьтерінің қиылысу нүктесі болып бабылатын Е нүктесінің координаталарын табыңыз.

№7. Координаталық жазықтықтағы $A(-3; 1)$ нүктесі төбесі болатын, ABCD тік төртбұрышының симметрия центрі – Е $(2; 3)$ нүктесі. Оның В, С және D төбелерін координаталарымен жазыңыз. ABCD тік төртбұрышының ауданын табыңыз. Дәптердің бір торкөзінің ұзындығын (бірлік кесіндіні) 1 см есебімен алыңыз.

№8. ABCD тік төртбұрышының периметрі 28 см. Оның A төбесімен симметрия центрі O нүктесінің арасы $OA = 5$ см. ABC үшбұрышының периметрін табыңыз.

A. 35 см; B. 30 см; C. 24 см; D. 26 см

№9. Координаталық жазықтықта:

$2 \leq x \leq 7$ және $-2 \leq y \leq 3$ шарттарын қанағаттандыратын $B(x, y)$ нүктелер жиынын бояп көрсетіңіз.

№10. Координаталық жазықтықта:

$A(-8; 2)$; $B(-2; 2)$ және $C(-2; -4)$ төбелері бойынша ABCD квадратын салыңыз. Оның D төбесін табыңыз.

- 1) D төбесін координаталарымен жазыңыз;
- 2) Ординаталар осіне қатысты ABCD квадратына симметриялы $A_1B_1C_1D_1$ квадратын салып, оның симметрия центрі болатын F нүктесін табыңыз. F нүктесін координаталарымен жазыңыз.